

**«Бұлақты негізгі орта мектебі» КММ-де 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жыл бойынша жүргізілген жұмыстары туралы мәлімет**

Бұлақты НОМ-де құқықбұзушылықты алдын-алу мақсатында Егіндібұлақ ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Сактаганов Дастан Нұрлыбайұлы оқушылармен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға байланысты кәмелетке толмағандардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың, оқыс оқиғалар мен төтенше жағдайларды алдын-алу мақсатында рейд жұмыстары жүргізілді

Ауылымыздың өрт сөндіру бекетінің басшысы Бектасов М.К «Өмір қауіпсіздік негізі-өз қолыңда» тақырыбы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кәмелетке толмағандардың өмір қауіпсіздігін сақтау үшін ата-аналармен ұдайы байланыс орнатуға, оқушылардың өз бетімен ата-анасының рұқсатынсыз, елді мекеннен тысқары немесе басқа қалаға шығып кетпеуін, өзен көлдер жағасына бармауын қадағалау туралы жалпы ата-аналар жиналысында түсінік жұмыстары жүргізілді.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің кешкі уақытта қоғамдық орындарда, ойын алаңдарда, адамдарда көп шоғырланатын жерлерде жүрісін қадағалау. Бала өмірі мен денсаулық қауіпсіздігіне қауіп тудыратын күтпеген оқиғалардың алдын алу мақсатында жиналыс өткізілді.


Құқық бұзушылықты болдырмау, нашақорлыққа қарсы мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып кетсем. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, мектепшілік бекітілген болатын. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп жатыр. 2022-2023 оқу жылы қыркүйек айында «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында мектеп медбикесі Умралина Айшолпан оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Егіндібұлақ ауылдық округіне қатысты ауыл инспекторы оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жиналыс жасады. Оның ішінде нашақорлық есіртке, т.б. сұрақтар қаралды.



Кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты алдын-алу және нашақорлыққа қарсы мектеп психологы Туребекова Д.Б ата-аналар және оқушылар арасында тренинг өткізді.



2022-2023 оқу жылы қыркүйек айында «Нашақорлық ғасыр дерті!» тақырыбында мектеп медбикесі Умралина Айшолпан оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мектеп оқушылары арасында «Мен сені сүйем, өмір!» атты флешмоб ұйымдастырылды.



Бұлақты негізгі орта мектебінде «Дені сау адам-табиғаттың ең бағалы туындысы» тақырыбында спорттық сайыс өткізілді.



2022-2023 оқу жылы қыркүйек айында «Есірткісіз өмір-ғажап!» тақырыбында мектеп медбикесі Умралина Айшолпан оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кәмелетке толмағандарға арасында есірткі заттарын қолданудың алдын алу мақсатында 5-11 сынып оқушылар арасында тәрбие сағаттары өткізілді.



Бұлақты негізгі орта мектебінде «Құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» онкүндік аясында «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты құқықтық бұрыш жасалынды.



Бастауыш сынып оқушылары арасында «Спорт және денсаулық» күніне орай «Ұлттық ойын» тақырыбында спорттық сайыс өтті. Сайыс соңында оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.



Мектеп психологы Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жайттарды анықтау үшін оқушылардан сауалнама алды.

5-9 сынып оқушылары арасында «Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары жүргізілді.

Бұлақты негізгі орта мектебінде «Бала тәрбиесі – отбасы мен мектептің ажырамас бөлігі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.



Бейнеролик «Менің бір күнім»:


<https://www.instagram.com/reel/CIDMZQ0o-Jz/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/reel/CIGB8DRgYA9/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Мектеп психологы «Өмірді бағала» тақырыбы бойынша 5-9 сынып оқушылары арасында тренинг өткізді.



«Тәртіпке бас иген құл болмайды» тақырыбында ер балалармен дөңгелек үстел өткізілді.



Мектепте 47 оқушы білім алып тәрбиеленуде. Тәрбие жұмыстары 8 бағыт бойынша және 4 жоба бойынша жүзеге асырылды. Тәртіп - тәрбиесіне байланысты мектепшілік және АБП-де оқушылар тіркелген жоқ. Тақырыбы: Зорлық-зомбылықтың алдын - алу" атты тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: Қазіргі кездегі балаларды қатыгездікпен қарауға, теріс көзқарасты қалыптастыру, отбасындағы зорлық зомбылыққа жол бермеу. Мектеп психологы: Д.Б. Туребекованың ұйымдастыруымен Мақсаты: Оқушыларға Тәуелсіздіктің кімдердің қолымен келгендігі туралы, қандай ауыртпалықпен келгендігі жайлы айтып, ұлттық сезім, ұлттық сана, ұлттық парызымызды әрбір қазақ баласының бойына дарыту. Оқушыларды патриоттық тәрбие беру.

"Әлеуметтік желі дегеніміз не?" және "Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны" атты тақырыбында 8-9 кластарда Эссе жазылды. "Әлеуметтік желінің неше түрі бар?" атты тақырыбында мектеп психологы 8-9 кластарға сауалнама өткізді

Барлық мереке күндеріне орай, қауіпсіздіктің алдын алу бағытында мектеп жанынан құрылған еріктілер тобын жұмылдыра отырып, сағат кешкі 22.00-24.00ге дейін түнгі кезекшілік ұйымдастырылып тұрды.

"Суицид және оның алдын алу туралы жолдары" туралы тақырыбында әр түрлі тәрбие сағаттары өткізілді.

«Интернет менің өмірімде» атты 9 класс оқушылары шығарма жазды. Мақсаты: Оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әр түрлі блоктармен таныстыра отырып, оқушылар өздерін сабырлы, әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, қарсыластарын тыңдай білуге, сауаттылыққа тәрбиелеу.

Мектепте 47 оқушы білім алып тәрбиеленуде. Тәрбие жұмыстары 8 бағыт бойынша және 4 жоба бойынша жүзеге асырылды. Тәртіп - тәрбиесіне байланысты мектепшілік және АБП-де оқушылар тіркелген жоқ.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қыста кітап оқимыз» акциясы ұйымдастырылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын дамыту мақсатында мектеп кітапханасында Ә.Нұршайықовтың өмір жолымен, шығармаларымен таныса отырып, басына кешкен қызықты жәйттарға тоқталып, «Сыңарын тап» ойыны арқылы оқушылар қойылған сұрақтарға жауап берді. Ә.Нұршайықовтың шығармалары кеңінен насихатталады.

Мектеп парламентінің мүшелері бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында «ЕСО МЕКЕН» жобасын іске асырып, жұмыстар жүргізілді.

Бұлақты негізгі орта мектебінде «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Сырғалым» аналар клуб мүшелерінің қатысуымен «Boursak party» акциясы ұйымдастырылды.

Қазақстанның халық жазушысы Ғ.Мустафиннің «Шығанақ» романына Буктрейлер ұйымдастырылды.

Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмаған оқушылар арасында Кибербуллингтің алдын-алу бойынша сауалнамалар жүргізілді.

Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу. Қазіргі таңда әлеуметтік желіде жасөспірім психикасына ықпал ететін, физикалық зақым келтіруге итермелейтін түрлі ойындар, кинолар, боттар бар. Оқушыларға осыған орай түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1 наурыз елімізде жалпыхалықтық мереке – Алғыс айту күні. Мереке қарсаңында халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында **«Шын жүректен алғыс айтамын!»** челленджі ұйымдастырылды.

Құқықбұзушылықтың және оқыс оқиғалармен кибербуллингтің алдын-алу, мектеп қабырғасына суық қару, үшкір заттар, тыйым салынған заттарды қолданбау мақсатында оқушыларға тәрбие сағаттары өткізілді.

1 наурыз Алғыс айту күніне орай әр сыныпта **«Алғыс айту парызым»** тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

1 наурыз Алғыс айту күніне орай **«Ұстазыма мың алғыс!»** алғыс айту тақтасы ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің ұстаздарына алғыстарын, жылы лебіздерін жазды.

Бастауыш сынып оқушылар арасында **«Әлем аруларымен әсем»** атты құттықтау челленджі ұйымдастырылды.

Бұлақты негізгі орта мектебінде өрт қауіпсіздігіне байланысты мұғалімдерге, оқушыларға, қызметкерлерге эвакуациялық жаттығулар ұйымдастырылды.

8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізде **«Сырлы жеңге, сұлу қыз!»** атты сайыс өткізілді.

«Бұлақты негізгі орта мектебі» КММ-де балалардың терезеден құлауының алдын алу бойынша «Қауіпсіз терезелер» науқаны ұйымдастырылды.

**Бұлақты негізгі орта мектебінде «Қауіпсіз терезелер» науқаны бойынша «Жол берме!»** балалардың терезеден құлауының алдын алу бойынша ата-аналарға арналған жадынама әзірленді.

[https://www.instagram.com/p/CreMKweoFzK/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CreMKweoFzK/?utm_source=ig_web_copy_link)

Бұқаралық ақпарат құралдарында бала қауіпсіздігі жөнінде мақалалар, видеолар жарияланды.



[https://www.instagram.com/reel/CrEMoVaISDE/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/reel/CrEMoVaISDE/?utm_source=ig_web_copy_link)

«Бала терезеде тұрмауы керек!» әлеуметтік желілерде челленджер ұйымдастырылды.

[https://www.instagram.com/reel/CrIIXOgo12Q/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/reel/CrIIXOgo12Q/?utm_source=ig_web_copy_link)



«Терезеден құлау –балалар арасындағы өлімнің басты себептері» атты ата-аналар жиналысы өткізілді



ТӨРТІНШІ ТОҚСАН «ТУҒАН ӨЛКЕМ» ФЕСТИВАЛІ аясында «Туған жердің бояулары» - электрондық экологиялық карта. Бұл номинацияда кез-келген графикалық редактордың көмегімен дербес орындалған сурет ұсынылды.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу мақсатында «Жасыл мекен» челленджіне мектеп оқушылары мен қызметкерлері белсене қатысты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 1 мамыр –Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні мерекесіне орай «Қазақ елі – татулық мекені» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CrxPEJMok75/?igshid=MDJmNzVkMjY=>



1 мамыр –Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні мерекесіне орай «Тәуелсіздіктің басты тірегі – татулық!» атты челлендж ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/CrupioloKNT/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

<https://www.instagram.com/reel/CroDvuNIIdq-/?igshid=MDJmNzVkMjY=>



1 мамыр –Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні мерекесіне орай «Дос болайық бәріміз» флешмобы өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/CrnNanZgE7y/?igshid=MDJmNzVkMjY=>



Бұлақты негізгі орта мектебінде 1 мамыр –Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні мерекесіне орай «Қазақстан – көп ұлттың достық мекені» атты сурет байқауы ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CrvYUVvIk5/?igshid=MDJmNzVkMjY=>



1 мамыр –Қазақстан Халықтарының Бірлігі мерекесіне арналған тәрбие жоспары аясында бастауыш сынып оқушыларына «Әрқашан күн сөнбесін!» асфальт үстінде сурет салу шарасы өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/Crv4yPQokrD/?igshid=MDJmNzVkMjY=>



7 мамыр- Отан қорғаушылар, 9 мамыр-Жеңіс күндері мерекесіне орай мектеп оқушылары арасында «Бабаларға ұрпағынан хат» тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CrxPEJMok75/?igshid=MDJmNzVkMjY=>



9 мамыр жеңіс күні мерекесіне арналған тәрбие жоспары аясында «Жеңіс туы желбіресін» атты челлендж өткізілді.



9 мамыр жеңіс күніне орай «Ұрпаққа ұран болған ұлы жеңіс» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/Cr3LFOVo1g2/?igshid=NjZiM2M3MzIxNA==>



Алаяқтыққа қарсы күрес жоспары бойынша оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Интернет алаяқтарының алдын алу мақсатында ұстаздарға алақтықтың белгілері туралы, оның алдын алу бойынша кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Бұлақты НОМ-де құқықбұзушылықты алдын-алу мақсатында Егіндібұлақ ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Сақтаганов Дастан Нұрлыбайұлы оқушылармен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/Cs3dpZRIZAQ/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>



Кәмелетке толмағандардың өмір қауіпсіздігін сақтау үшін ата-аналармен ұдайы байланыс орнатуға, оқушылардың өз бетімен ата-анасының рұқсатынсыз, елді мекеннен тысқары немесе басқа қалаға шығып кетпеуін, өзен көлдер жағасына бармауын қадағалау туралы жалпы ата-аналар жиналысында түсінік жұмыстары жүргізілді. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің кешкі уақытта қоғамдық орындарда, ойын алаңдарда, адамдарда көп шоғырланатын жерлерде жүрісін қадағалау. Бала өмірі мен денсаулық қауіпсіздігіне қауіп тудыратын күтпеген оқиғалардың алдын алу мақсатында жиналыс өткізілді.


[https://www.instagram.com/p/CtHf3k\\_oJGJ/?igshid=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/CtHf3k_oJGJ/?igshid=MzRIODBiNWFIZA)



Бұлақты негізгі орта мектебінде «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.



«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» атты ақпараттық материалдар, жадынамалар таратылды.  
<https://www.instagram.com/p/Cs51hnnAxxX/?igshid=Mtc4MmM1YmI2Ng==>



Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға байланысты кәмелетке толмағандардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың, оқыс оқиғалар мен төтенше жағдайларды алдын-алу мақсатында рейд жұмыстары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/Cs50Ex8gBlq/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>



Мемлекеттік қызметте өз орны бар Бұлақты негізгі орта мектебінің түлектеріне арнап «Мемлекеттік қызметшілер бұрышы» стенді жасалынды.

